



Автор: Максимова Сауле Кансултановна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Таза, мінсіз асыл сөз
Тақырып: «Керқұла атты Кендебай» ертегісі

«Керқұла атты Кендебай» ертегісі	5Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрын, сюжетін анықтау 5.Т/Ж3.Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу
«Керқұла атты Кендебай»	I.Ұйымдастыру кезеңі (Оқушыларды түгелдеп ,сабаққа назарын аударамын. Сабақ мақсатымен таныстырамын) II.Қызығушылықты ояту «Кросенс» әдісі арқылы сабақ тақырыбына болжам жасату. Суреттерді бір-бірімен байланыстырып, өз пікірлерін білдіреді. Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрын, сюжетін анықтау
Тілдік мақсаттар	Әдеби тіл нормалары
Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)	Ашықтық .Құрмет. Академиялық шындық.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың барысы (10)	<p>Ми шабуылы. Суреттерде не бейнеленген? Олар туралы не білесіңдер? Ертегінің өзіндік белгілері қандай? Жанр (французша genre, латынша generis — түр, тек) — өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі. Фабула (лат. Fabula — аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) — көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу. Сюжет (фр. sujet - зат) - өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Образ, көркем образ - шындықты танып-білуде әдебиет пен өнерге тән ерекше эстетикалық категория</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=DJFyBaa8ziw Тыңдалым. Сынып екі топқа бөлінеді. Берілетін тапсырмалар: Т. «Пазл әңгіме» 1-тапсырма Шығарманың қысқаша мазмұны таратылады • Шығарма қандай жанрда жазылған? • Қандай дәлел келтіре аласыз? Оқушылар мазмұны ментанысып болған соң, топтық тапсырмалар орындайды. 2-тапсырма Қате орналасқан жоспар атауларын ретімен орналастыр: 1. Кендебай мен жетім бала. 2. Керкұланың тағдыры. 3. Кендебайдың дүниеге келуі. 4. Ханбұйрығы. 5. Баланың ата-анасымен қауышуы. 6. Кендебайдың бұйрықты орындауы. 7. Кендебайдың аралға баруы. 8. Кендебайдың биені күзетуі. 9. Кендебай мен ханның бір-біріне қойған шарттары. 10. Керкұлаатты Кендебай батырдың елі. Мақалдарды мазмұн жоспарына сәйкестендір. 1. Кендебайдың дүниеге келуі. Батыр туса - ел ырысы. 2. Керкұланың тағдыры. Қасқырдың ойлағаны - арамдық. 3. Кендебай мен жетім бала. Қаралық көңіл жаралы. 4. Кендебайдың аралға баруы. Жол мұраты - жету. 5. Кендебайдың биені күзетуі. Өзі аққа құдай жақ. 6. Хан бұйрығы. Есірген хан елді ермекетер. 7. Кендебайдың бұйрықты орындауы. Қаһарлы қамал бұзады. 8. Кендебай мен ханның бір-біріне қойған шарттары. Құдаңның тайын алғың келсе, құлынды биесін сұра. 9. Баланың ата-анасымен қауышуы. Ата - асқар тау, ана - бауырындағы бұлақ, бала - жағасындағы құрақ. 10. Керкұлаатты Кендебай батырдың елі. Іздеген мұратына жетеді. Сөздік жұмыс. 1. Алты айдың ішінде алты кез болды (67-бет) (Кез - 71 см-гетей ұзындық өлшемі). 2. Ернім жалақ, басым таз болды (68-бет). (Жалақ ерін жел қақты бопке берсіген жара). 3. Құндыз жүнді арғымақ құлын туады (70-бет). (Құндыз-салмағы 10 кг-дай өзен-көлдетіршілік ететін терісі бағалы аң). 4. Зынданның аузы құлыптауы. (Зындан - тұтқынғат үскен адамдарды жазалау үшін жерастынан қазылған терең ор, апан). 5. Батпан - салмақ өлшемі. Бір батпанда 200-300 грамм ауырлық бар. 5.Т/ЖЗ. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу</p> <p>http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/7485 2-тапсырма Т. «Суретті әңгіме» Ертегідегі бір кейіпкерді бейнелейтін сурет алынады. Оқушыларға сурет көрсетіледі және оның сипаттары сұралады. Суретте ертегі кейіпкерінің басынан өткен қандай оқиға бейнеленгені, келбеті түсіндіріледі. Оқушыларға проектор арқылы немесе парақшаларда түйінді сөздер тізімін беріп, топтарда сол сөздерді пайдалана отырып, кейіпкер образын аш</p>	<p>http://ikitap.kz/audiobook/5189-kerqula_atty_kendebaj/5189-kerqula_atty_kendebaj аудиокітап Алты томдық «Қазақ ертегілері» жинағы, «Жазушы» баспасы, 2000</p>
Сабақты бекіту (10)	Ой толғаныс Менің Кендебайым кім?	қосымша
Сабақтың соңы (10)	Кері байланыс. «Кендебай» деген сөзден басталатын 5 сөйлем айтады.	қосымша